

**Мамбетова С.Ж., э.ғ.к., доцент (Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ)
Құдайбергенова С.Д., магистрант (Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ)**

ЭКСПО-2017 КӨРМЕСІНІҢ ТУРИЗМДІ ДАМУДАҒЫ РӨЛІ

Қазақстанның елордасы Астана қаласында 2017 жылы «Болашақ энергиясы» деген тақырыппен ЭКСПО-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесі өтеді.

2012 жылғы 6 желтоқсандағы Қазақстан халқына арнаған сөзінде президент Н.Ә.Назарбаев «Астананың ЭКСПО-2017-ні өткізу үшін күрестегі жеңісі – бұл бүкіл Қазақстан халқының жеңісі. Халықаралық көрмеге дайындыққа барлық қазақстандықтардың түгелдей белсенді ат салысатынына менің сенімім кәміл. Мен ЭКСПО-2017 біздің тарихымыздағы тағы бір алтын парақ болатынына сенемін», деп атап өткен болатын.

Халықаралық көрме астаналық агломерацияны дамытуға жаңа серпін береді. Көрме нысандары жаңа «халықтық құрылыс» атанып, ондаған мың жұмыс орындары құрылады.

Жалпы, Қазақстан құрылысқа, туристік инфрақұрылымға, қонақ үй бизнесіне инвестиция салудан мультипликативтік нәтиже алатын болады. Астанада ЭКСПО - 2017 көрмесін өткізу бүкіл республиканың экономикалық және инфрақұрылымдық дамуын қосымша ынталандыру болып табылады.

Елорда әкімдігі Астанада туризмді дамытудың жаңа тұжырымдамасын қабылдады. Жаңа құжатта оқиғалық, іскерлік және медициналық туризмге ерекше көңіл бөлініп отыр. Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігінің индустрия департаментінің директоры Марат Иғалиев мәлімдегендей, елордада туристік кластерді дамытудың перспективалары зор. «2013 жылы Астанада ЭКСПО көрмесін өткізуді ескере отырып 2017 жылға дейін туризм саласын дамытудың шеберлік жоспары әзірленген болатын. Сондай-ақ, біз Астанада 2020 жылға дейін туризмді дамыту тұжырымдамасымен де таныстық.

18 жылда Астанадағы қонақ үйлердің саны 40 есеге артса, шетелдіктердің қалаға келуі 50 есеге ұлғайған, ал ішкі туризм 43 есеге өсіп отыр.

Егер Астананы 1000 тұрғынға шаққанда келетін туристер саны бойынша салыстыратын болсақ, Сеул, Стамбул сияқты қалалармен бір қатарда тұрады. Қалаға болашақта туризмді дамытуға көмектесетін маңызды алғышарттар бар. Іскерлік, оқиғалық және медициналық туризмді дамытуға басымдық бермек. Қазір Астанада кең ауқымды оқиғаларды өткізу үшін сыйымдылығы әр түрлі құрылыстар жетерлік. Оқиғалық туризмді дамыту үшін қажет негізгі және басымдықты қадамдардың бірі MICE туризм бойынша ірі халықаралық қауымдастықтарға кіру болып табылады.

Туристердің тұрақты ағымын қалыптастыру үшін маусымдық шаралар өткізу жоспарланған, мысалы қыста – Қар және мұз фестивалі немесе көктемде – Квадрокоптерлер жарысы бойынша Ашық чемпионат және т.б. Сондай-ақ, «Астана» Халықаралық қаржы орталығын құру мен медициналық кластерді дамыту туристер ағынын арттыруға серпін береді. Астанада ең озық медициналық құрал-жабдықтармен жарақталған заманауи медициналық орталықтардың желісі құрылып, дамып келеді, оның базасында шетелдік пациенттерді тартып, оларға қызмет көрсетуге болады. Бүгінгі күні елорданың бірнеше кардиологиялық клиникасында 17 мыңнан аса күрделі және бірегей операция жасалған.

Сондай-ақ, қазіргі уақытта елордада ЭКСПО-2017 көрмесіне дайындық бойынша белсенді жұмыс жүргізілуде.

«Астана Конвеншн Бюро» ЖШС-інің директоры Санияр Айтекеновтың айтуынша, Астанада туристерді тарту үшін жаяу жүргіншілерді бағдарлау жүйелері – пилон нұсқағыштар құрылды. Қызыл түсті туристік автобустар бағыты ашылып, ақпараттық дүңгіршектер іске қосылды. Қызмет көрсету саласының сапасын көтеру мақсатында Recommended by EXPO-2017 Астана қаласының әріптестік бағдарламасы жұмыс істейді,

оған қонақ үйлер, хостелдер, қоғамдық тамақтану нысандары, қызмет көрсетуші кәсіпорындар және көлік компаниялары қатысуда.

Ағылшын тілін оқытуға баса назар аударылуда. Аталған бағдарламаға қатысқан жүзге жуық адамның 50% курстан өтті, сондай-ақ, ағылшын тілінен дайындықтан өтуге арналған ақпараттық орталықтар бар, олар біздің қызметкерлерді ақысыз негізде оқытуға дайын. Сондай-ақ, егер адам такси шақырып, оған түсініксіз тілде сөйлесе, турист call-орталыққа хабарласса, операторлар оған сөздерді аударып береді.

Елорданың туристік дестинация ретінде ғана емес, тұрғындар үшін жайлы шаһар ретінде де дамып келе жатыр.

Қазақстан Республикасының Президенті өзінің 2012 жылғы Жолдауында елге келіп жатқан инвестицияларды әртараптандырудың бірден-бір жолы туризм екенін атап өтті. Бұл – туризмнің еліміз үшін маңызды сала екендігін білдіреді. Дүниежүзілік туристік ұйым сарапшыларының зерттеуі бойынша, 1 қалада 2 сағатын өткізген 100 000 турист 350 000 АҚШ долларын немесе әрбірі 1 сағатта орташа есеппен 17,5 АҚШ долларынан кем емес қаражат жұмсайтын көрінеді. Туризм – мемлекеттің экономикалық, әлеуметтік және мәдени өміріне тікелей ықпал ететін және ел экономикасының дамуына тікелей немесе жанама түрде әсер етуші фактор. Туризм саласының маманы Бауыржан Досқараевтың айтуынша, Қазақ елінде аталмыш саланы дамытуға толықтай негіз бар.

Қазақтың кең байтақ еліне, кең байтақ ауасына жететін ел кемде-кем. Басқа елдерді Қазақстанмен салыстырсақ, ол жердің ауасы, ылғалдылығы өте қиын, шетелге барып осы Қазақстанның рахаттанып жүрген қазақтарын аз көреміз. Біздің ауамыз, көкөнісіміз бәрі басқаша, керемет.

Көрме біздің елімізге ірі инвестиция тартуға мүмкіндік туғызады. Сондай-ақ ЭКСПО көрмесін өткізу арқылы Қазақстан «қасыл экономиканы» дамытуға тікелей септігін тигізетін жаңа технология мен инновация алады» – деді Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Астана қаласында ЭКСПО-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесін ұйымдастыру және өткізу мәселелері жөніндегі Мемлекеттік комиссияның отырысында сөйлеген сөзінде.

Қазақ елі Тәуелсіздігін алғаннан бері қуатты мемлекет ретінде қалыптасып, әлемнің алдыңғы қатарлы еліне айналу жолында талай белестерді бағындырды, тамыры тереңде жатқан төл тарихымыздың жаңа беттері ашылды. Осы қысқа ғана уақыт ішінде экономикалық және әлеуметтік маңызы зор жобаларды қолға алып, әлемдік деңгейдегі іс-шаралардың өтуіне ұйытқысы бола білді.

ЭКСПО көрмелерінің идеологиялық теке тірестің алаңына айналу арқылы да ғажап нысандардың, ғажайып туындылардың дүниеге келуіне себепші болған жайлары жеткілікті. 1937 жылы Парижде өткізілген Бүкіләлемдік көрме тарихқа адамзаттың Екінші дүниежүзілік соғыс алдындағы жетістіктерінің байқауы ретінде де, жиырма жылдығын жаңа атағалы жатқан социализм мен енді-енді бас көтере бастаған фашизм идеяларының бетпе-бет келген сәті ретінде де енген. Эйфель мұнарасына барар жолдағы екі қанаттан орын берілген КСРО мен Германия павильондарының бәсекесі елді ерекше елең еткізген. Біздің қазақ наурыз туғанда ериді деп аңызға айналдырған Самарқанның көктасымен көмкерілген ұзындығы 150 метрлік советтік павильонның дәл ортасына мүсінші Вера Мухинаның қолынан шыққан биіктігі 24 метрлік «Жұмысшы мен колхозшы» скульптурасы қойылған еді, оның дәл қарсысына неміс архитекторы А.Шпеердің ойластыруымен мүсінші Й.Торактың «Жолдастық» пен «Отбасы» скульптура тобы, ал жалпы неміс павильонының ұшар басына Үшінші рейх символы – бүркіт орнатылған болатын. Жалпы салмағы 185 тонналық Мухина мүсінінің монументті өнердің аса көрнекті жәдігерлігі ғана емес, советтік дәуірдің бөлекше бір символы екендігі орта жастағы, егде оқырмандарға жақсы мәлім деп ойлаймыз.

Әйелдің қолындағы орақ пен ер азаматтың қолындағы балға жұмысшы табы мен колхоз шаруаларының – жаңа совет елінің жаңа қожайындарының бұлжымас бірлігінің бейнесі ретінде бүкіл әлемге танымал болған. Кезінде Мәскеуге жолы түскен адамның

Бүкілодақтық халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің алдында орнатылған осы ұлы туындыны бір көрмей кетпейтіні сирек еді. Бүкіләлемдік көрменің мәдениетке әсер-ықпалы дегенде біз сол 1937 жылғы ЭКСПО-да Пабло Пикассоның атақты «Герникасы» қойылғанын да айтамыз.

«ЭКСПО-2017» көрмесін өткізу Қазақстан үшін халықаралық деңгейде алға жылжуында үлкен қадам болмақ. ЕХРО-2017 халықаралық көрмесін өткізуге ниетті Қазақстан әлемдік қауымдастыққа «Болашақ энергиясы» тақырыбын ұсынғаны белгілі. Қалай дегенде де, ЕХРО сияқты халықаралық көрмелерге қатысу қай елдің болса да әлеуетін дүниежүзіне паш етуге берілген тамаша мүмкіндік деуге болады. Оның үстіне, әлем алдында өзіңнің даму деңгейінді іс жүзінде дәлелдей отырып, шараны жоғары жауапкершілікпен өткізу – өте зор құрмет. Өйткені елдерді достастыру, ауызбірлікке шақыру, инфрақұрылымдарды лайықты деңгейде дамыту – жоғары дәрежеде өтетін кез келген іс-шараның мақтанышы.

Әлемнің алдыңғы қатарлы мемлекеттері ғылымдағы өзінің соңғы жаңалықтарын ұсынатын бұл халықаралық көрмені өткізу идеясы неден туындап отыр? Жасыратыны жоқ, бүгінде елімізде баламалы көздерден қуат алу мәселесі әлі де болса шешілмеген. Ал әлем дамудың жаңа, экологиялық тұрғыдан қауіпсіз жолдарын қажетсінеді.

Міне, сондықтан да Қазақстан «Жасыл экономикаға» бет бұрды. Егер ЕХРО-ны өткізудің сәті түссе, осы бір қордаланған мәселелер шешімін табады.

Шындығында да еліміздің географиялық орналасу жағдайын, жел және күн энергиясын пайдалану мүмкіндігін, сондай-ақ мұнай және газ ресурстарының энергетикалық әлеуетін ескерсек, бұл қажеттіліктің орнын толтыруға тамаша мүмкіндік туып отыр. Қазақстанның сағатына 1 трлн кв энергия өндіруге мүмкіндігі бар. Оның үстіне Астана көрмені өткізу құқығын жеңіп алған жағдайда, ЭКСПО-2017 көрме қалашығы толықтай баламалы энергия көздері арқылы жұмыс істеуге көшеді.

Керемет екеніне ешкім күмән келтірмейді, алайда сол кереметті өзге елдің адамдарына қалай насихаттаймыз? Бар мәселе осында болып тұр. Өзге елдермен салыстырар болсақ, Малайзия еліне бір жылда тек туристік мақсатта 24 миллион адам келеді және бұл елдің осы саладан алатын табысы 20 млрд. АҚШ долларына тең. Осындай елеулі жетістікке жету үшін Қазақстанға не кедергі?

Ең бірінші – Қазақстанда инфрақұрылымның дамымауы, оның өркениетті елдерге қарағанда алыста тұрғаны.

Екіншісі – ол біздің туристік фирмалардың туристік саланы дұрыс түсінбеуі. Олар қазақтың азаматтарын сол жаққа шығаруға жұмыс істейді. Біз қазақтың ақшасын аламыз да сол жаққа шығарып тастаймыз.

Үшінші кедергі – ұшақ билеттері мен қонақ-үйлер бағасының қымбат болуы. Төртінші кедергі – жарнаманың аздығы. Ең негізгі кедергілердің бірі де – осы. Себебі, жаманын жасырып, жақсысын асыратын да жарнама.

Ең күшті жарнама адамның өзі. Демалып келген адам, қайтіп келген кезде қалай демалдың деген сұраққа «керемет, бәрі тамаша болды» – десе оны естіген таныстары да әлгі жерге барғысы келетіні анық. Қанша жерден телеарнадан, журналдан, радиодан жарнама беріңіз, егер бір адам демалып келіп, «ой оңбайды екен» – деп айтса бітті, жаңағы жарнаманың бәрі зая кетеді.

Әлемдік экономикада туризмнің маңызы зор екенін мынадан-ақ аңғаруға болады: әлемдік өндірісте әрбір 9-шы адам осы салада жұмыс істейді, инвестицияның 11 пайыздан астамы тек осы салаға келеді, туризмнен түсетін табыс мұнай өнімдерін және автомобильді экспорттаудан кейінгі тұрақты түрде 3-орында тұр. Осы секілді шексіз мысалдар келтіруге болады, алайда, қорытынды біреу – бізге туризмді дамыту керек. ЭКСПО-2017 көрмесінің сәтті өтуі де осыған тікелей байланысты.

Туризм әлемдік экономикада басты рөлдің бірін атқарады. Дүниежүзілік Туристік Ұйымның (ДТҰ) деректері бойынша туризм әлемдегі жалпы ұлттық өнімнің оннан бір бөлігін, халықаралық инвестицияның 11 пайыздан астамын, әлемдік өндірістің әрбір 9-шы жұмыс орнын қамтамасыз етеді.

Туризм жалпы алғанда, мемлекеттің экономикасына үш оң нәтиже береді:

1. Шетел валютасының құйылуын қамтамасыз етеді және төлем теңгерімі мен жиынтық экспорт сияқты экономикалық көрсеткіштерге оң ықпал жасайды.

2. Халықтың жұмыспен қамтылуын көбейтуге көмектеседі. ДТҰ мен Дүниежүзілік туризм және саяхат кеңесінің бағалауы бойынша туризм өндірісінде құрылатын әрбір жұмыс орнына басқа салаларда пайда болатын 5-тен 9-ға дейін жұмыс орны келеді екен. Туризм тура немесе жанама түрде экономиканың 32 саласының дамуына ықпал жасайды.

3. Елдің инфрақұрылымын дамытуға жәрдемдеседі.

Туризм елдің тұтас аудандарының экономикасына белсенді әсер етеді. Туризм саласындағы шаруашылық жүргізуші субъектілердің құрылуы және жұмыс істеуі жол көлігін, сауданы, коммуналдық тұрмыстық, мәдени, медициналық қызмет көрсетуі дамытумен тығыз байланысты. Туризм индустриясы басқа экономикалық секторлардың көпшілігімен салыстырғанда, неғұрлым пәрменді мультипликаторлық тиімділікке ие.

Қазақстан тұрақты даму мен беделі көтерілуінің арқасында бүкіл дүние жүзіне танылып отыр және осыған туризм өз үлесін қосады. Бұған дәлел ретінде Дүниежүзілік Туристік Ұйымның 18-ші Бас Ассамблеясы және EXPO-2017 халықаралық көрмесі секілді ірі халықаралық шаралардың Қазақстанда өткізілуі ұлттық туризм дамуына тың серпіліс береді деп айтуға болады.

Астанадағы өтетін ЭКСПО-ның тақырыбы: «Болашақ энергиясы». Көрмеге қатысушы мемлекеттер өздерінің энергия саласындағы техникалық жетістіктерімен барша жұртты тәнті етеді. Әсіресе, қазіргі таңда сұранысқа ие балама энергия көздерін алу мақсатындағы құрылғылармен таныстырады. Сарқылмайтын энергия көздеріне жататын: күн сәулесі, жел, жер асты сулары арқылы энергия алу болашақта адамзатқа қажетті ресурс түрі. Осыдан, көрменің тақырыбы көпшіліктің қызығушылықтарын тудыратыны анық.

EXPO-2017 жылы 10 маусым мен 10 қыркүйек аралығында өтеді. Халықаралық көрмеде әрбір мемлекет өздерінің павильондарын 25 га жер көлеміне салатын болады. Бұл көрмеге 5 млн.-нан астам туристер келеді деп жоспарлануда. Әрбір келген адам 130\$ ақша әкелетінін ескерсек, бізге түсетін пайда 520-910 млн.-ға дейін жоспарлануда.

Туризмнің дамуы мемлекеттің экономикалық жағдайының жақсаруына, аралық салалардың қалыптасуына мүмкіндік жасайды. Бұл жаһандану деңгейіндегі салмақты саясат, үлкен ақша, ірі бизнес болып саналады. Туризм үш ең ірі экспорттық салалардың құрамына, автомобиль жасау және мұнай өндіру өнеркәсіптерінен кейін енеді. Туризм өз кезегінде әлемдік шаруашылықтың ең қарқынды және өз шығымын өзі өтей алатын түрі болып саналады. Қазақстан экономикасын дамыған мемлекеттер қатарына қосылуындағы негізгі сала ретінде туризмнің өзіндік орын алары сөзсіз.

Әдебиеттер

- 1) Мемлекет басшысының 2016 жылғы 6 қаңтардағы мақаласы
- 2) <https://expo2017astana.com/kz/>
- 3) <http://ya2017.com/events/expo-2017/>
- 4) <http://www.akorda.kz/kz>

**Нурмаганбетова М.С., PhD - докторант
(Қырғыз Республикасының халықаралық университеті)**

ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКА ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКАНЫҢ ДАМУЫНЫҢ КЕПІЛІ РЕТІНДЕ

Қазіргі таңда Қазақстан жерінде тез шешуді қажет ететін мәселелер жеткілікті. Соның ішінде энергия тапшылығы мәселесі бүгінгі күнде аса маңызды.

Дүниежүзінің көптеген елдері «жасыл экономика» принципін қабылдаған. Осы мемлекеттердің экономикалық даму саясаты өнеркәсіптік өндіріс өсімін оңтайландыруға және қоршаған ортаға үнемді көзқарасқа негізделеді.

БҰҰ анықтамасы бойынша «Жасыл экономика» – бұл экономикалық тәуекелдер мен табиғи ресурстар тапшылығын қысқартатын және халықтың тұрмыстық игілігін жақсартып, әлеуметтік теңдікке алып келетін экономика. [1]